



С.Ш. Айтуганова , А.М. Жорашова* 
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail:¹ s-aituganova@mail.ru, ² ayzhan.zhorashova@mail.ru)

Төлен Әбдікұлының «Тұғыр мен ғұмыр» хикаятындағы автор мен нарратор бірлігі

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ прозасының классик жазушыларының бірі Т. Әбдікұлының «Тұғыр мен ғұмыр» хикаятындағы автор мен нарратор тұтастығы жөнінде сөз етіліп, саралау жұмыстары жүргізілді. Қазіргі әдебиеттану ғылымында автор мен нарраторды бір-бірінен бөлек алып қарастыру тенденциясы бар. Оның негізі постструктуралист ғалымдардың тұжырымдарында жатқандығы мәлім. Алайда қанша өнер иесін өз туындысынан бөліп алсақ та, шығармашылық үрдісте автор бейсаналы түрде өз болмысын, образын оқырман санасында қалыптастыратыны анық. XX ғасыр басында туындаған автор теориясының әдебиеттану ғылымында маңыздылығы жоғары. Қазіргі қазақ прозасындағы автор мен нарратор тұтастығы туралы зерттеу жұмыстарын жүргізудің өзектілігі бар. Сондықтан да осы мәселені негізгі мақсат етіп, тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ прозасындағы айтулы, классикалық шығармаларды нарратологиялық призмадан зерделең, автор теориясының парадигмалық шеңберін зерттеуді нысан еттік. Зерттеу жұмысында Р.Барт, М.Фуко, В.Шмид, П.Доусон, сынды ғалымдардың автор теориясына қатысты ғылыми тұжырымдары мен отандық ғалым Т.У.Есембековтың авторлық баяндауға байланысты жасаған ғылыми тұжырымын негізге алдық. Көркем мәтінді зерттеу барысында шығармаға семиотикалық талдау жасай отырып жазушы стилін айқындап, кейіпкер образын даралауда авторлық хабарға (посыл) ерекше мән бердік. Автор өзін қаншалықты шығармадан алшақ ұстап нарраторға үлкен жауапкершілік жүктесе де, өзінің бар екендігін білдіретіні анық.

Түйін сөздер: нарратология, автор бейнесі, нарратор, баяндау тәсілі, баяншы, авторлық хабар (посыл).

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-144-153>

Түсті: 25.09.2024; Жөнделді: 09.11.2024; Мақұлданды: 02.12.2024; Онлайн қолжетімді: 28.12.2024

Кіріспе

Қазіргі қазақ прозасында өзіндік орны мен стилі ерекше классик жазушылардың бірі – Төлен Әбдікұлы. Шығармаларының тақырыбы мен жанрлық түріне жіті мән беріп, авторлық позициясын астарлы да, айқын көрсетуде стильдік амал-тәсілдерімен ерекшеленетін туындылары бар. Оның соңғы жылдары жарық көрген «Тұғыр мен ғұмыр» хикаяты ұлтымыздың басына түскен ақтаңдақ жылдардың шындығын көрсеткен шытырман сюжетті шығарма. Мақалада көркем мәтіндегі автор қызметін, нарратор тұлғасын, олардың өзара бірлігін талдауды мақсат еттік. Себебі көркем мәтін теориясының зерттеу арналарының маңызды бір бөлігі – автор, мәтін ішіндегі автор тұлғасының функциялық қызметі.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында автор теориясына қатысты біршама тұжырымдар бар. XX ғасырдың басында туындаған автор мәселесінің өзектілігі әлі күнге дейін өз маңыздылығын жоғалтпады. Көркем мәтіннің архитектуралық қабатындағы имплицитті, эксплицитті автор болмысы қашан да жіті мән беріліп зерттеуді қажет етеді. Қаламгердің сана ағыны, психологиялық күйі, баяндау тәсілі, көркем мәтіндегі автор әлемі мен образы, автор мен адресаттың қарым-қатынасы тұрғысынан саралау көркем мәтінді зерделеудің маңызды саласы.

Әдіснама және зерттеу әдістері

Зерттеудің эмпирикалық негізі ретінде Т.Әбдікұлының «Тұғыр мен ғұмыр» хикаяты алынды. Бұл шығармада автор басты кейіпкер Шайкенұлы Батырдың ғұмырын баяндау арқылы нарраторлық болмысын танытып, рецепиентке авторлық позициясын, хабарын (посыл) түспалдап жеткізеді. Қаламгер өзі жасаған көркем әлемнен қаншалықты тысқары тұрса да, өзіндік болмысын танытады. Көркем мәтіннен автор мен нарратор тұтастығын танытатын эпизодтар, тілдік элементтер, детальдар қарастырылып талданды.

Зерттеуде талдау және синтез, салыстыру, жүйелеу, тұжырымдау, семиотикалық әдістер сияқты ғылыми таным әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Жазушылық өнер туралы тұжырымдар антикалық дәуірден бастау алатындығы мәлім. Платон, Аристотель, Әл-Фараби, Кант, Гегель т.б. философтардың еңбектерінде ақын, жазушы абсолютті рухтың дегенін жазатын, соның айтқанын жеткізуші данышпан (гений) тұлға деген пікір қалыптасқан. Жақсылық пен жамандықты, ізгілік пен зұлымдықты, жалған мен шындықты ажыратып көрсету үшін де ақын, жазушылар жер бетіндегі елшілер іспетті болды. Олар өздері жасаған көркем әлемнің жаратушысы бола тұра өз оқырманына ақиқатты жеткізгісі келеді. Сол хабарды жеткізудің формасын, түрін автордың өзі таңдап көркем әлемнің баяншысына айналады.

Әдебиеттану ғылымында автор теориясының даму арнасы XX ғасырдың басында нақтылана түсті. Формализм мектебінің өкілдерінен бастау алған идеялар, структуралист ғалымдардың еңбектерінде өз жалғасын тауып, жаңа бір арнаға толысып, тың тұжырымдар туындады. М.Бахтин («полифония теориясы» 1929), В.Виноградов («автор образы» 1971), Б.Корман («концептіленген автор» 1977), У.Бут («имплицитті автор» 1961), В.Изер («имплицитті оқырман» 1972) т.б. ғалымдардың ғылыми тұжырымдары автор, баяндау теориясына қатысты парадигманы күрделендіре түсті. Баяндау инстанцияларының әрбір жұптасқан компоненттері жекелей белгілі бір кезеңдерде ғылыми айналымға еніп отырды. Мәселен, XX ғасырдың 20 жылдары негізін алған В.Виноградовтың «автор образы», 1961 жылы американдық ғалым У.К.Буттың «имплицитті автор», 1977 жылы Б.Корманның «концептіленген автор», В.Шмидтің «абстрактілі (дерексіз) автор» тұжырымдары бір-бірімен мағыналас, яғни көркем мәтіннің өн бойынан көрінетін автордың бейнесі. Бұл тұжырымның жұптық компонентін В.Изер «имплицитті оқырман» (1972) деп атаса, В.Шмид «абстрактілі (дерексіз) оқырман» (1973) деп ұсынды.

Постструктуралист ғалымдар көркем мәтіндегі автор мен нарратордың аражігін ажыратып шығармаға автордың ешқандай әмірі жүрмейтіндігін, бар жұмбақтың кілті адресаттың еншісінде екендігі туралы тұжырымдарды ұсынғаны белгілі. «Жазу – біздің субъективтілігіміздің іздері жоғалатын белгісіздік, әртектілік пен жалтақтық аймағы, ең бастысы жазушының тәндік бірегейлігі жойылатын ақ-қара лабиринт» [1;170] - деп өзінің көпке белгілі «автор өлімі» концепциясын ұсынған Р.Барттың көзқарасы автор теориясына қатысты соны талдаулардың қажеттілігін тудырды.

«Автор – шығарма мәнінің қайнар көзі емес. Қаламгер – туындыдан жоғары тұрмайды, ол функциялық қағида іспетті, біздің мәдениетімізде кейбір түсініктерге тосқауыл қояды: алып тастайды, түзейді. Қысқаша айтқанда, мәндердің бақылаусыз таралуына кедергі қояды» [2; 288] - деп автордың жазу тұжырымынан биік еместігін сөз етіп, өзінің

постструктуралист әріптесінің көзқарасын одан әрі жандандыра түскен М.Фуконың да мақаласы автор әлеміне қатысты тың пікірлерге толы болды. Оқырман көркем мәтінді зерттеп, зерделеу үшін оның кім жазғанына, не үшін жазылғанына, қандай мақсатта жазылғанына аса мән бермегені абзал. Ең бастысы көркем мәтіннің ішіне бойлай отырып оқырман өз интерпретациясын ұсына алады деген пікірді қолдаушы постмодернистер де бар. Десек те жазу адамзат баласының игерген ең жоғарғы дағдысы екенін ескерсек, жазушылық өнерге екінің бірі қол жеткізе бермейтіндігі анық.

Қаламгер – мәтін өруші, оны көркем мәтін деңгейіне жеткізуші тұлға. Авторды өзі жасаған туындыдан бөліп жарып, оны жоққа санауды қисынсыз деп түсінеміз. Өнер иесі әр туындысында өзінің бір бөлшегін қоса беріп еншілеп, оны қалың оқырман қауымға ұсынады. Сондықтан да, автор көркем туындымен тең дәрежеде. Оны жазған автор дайын сюжеттерді әрлеп, баяндап, әңгімелеп берсе де, міндетті түрде шығармашылық үдерісте белгілі бір оқиғалардың ойтүрткісі, психологиялық жай-күйі, оның ішкі әлеміндегі толғаныстары, сыртқы факторлар, тарихи әлеуметтік мәселелердің көрініс табуы әбден мүмкін. Автордың шығармашылық акт кезеңі әлі де толық зерттеуді талап етеді.

Т.Әбдікұлының шығармаларында ұлттық құндылықтармен қатар, жалпы адамзаттық құндылықтар көрініс тапқан. Өз жеке басының қасіреті мен күйбең тіршілікті ғана сипаттау ұлы мақсатты мұрат еткен жазушыларда болмайтындығы анық. Т.Әбдікұлының шығармаларындағы басты ерекшелік – парасат майданындағы ізгілік пен зұлымдықтың арпалысын, тұлға бойындағы тек орта, қоғам тудыратын қайшылықтар ғана емес, ішкі қайшылықтарының күресін шынайы көркем суреттей алуында.

Тәуелсіздік жылдарынан кейін жарық көрген шығармалардың ішінде Т.Әбдікұлының «Тұғыр мен ғұмыр» хикаяты өз бағасын толық алмаған шығарма деп білеміз. Коммунистік жүйенің астарлы шындығын көрсететін бұл туындыда ел басында жүрген арыстай азаматтардың артынан қалған ұрпағы нақтырақ айтсақ, тұтас бір жоғалған ұрпақтың ақиқат көрінісі суреттелген. Шығарманың архитектуралық қабатынан автор мен нарратор арасындағы байланысты зерделедік. Нарратордың баяны үшінші жақтан, яғни баяншы формасынан жүргізілген.

«Өзекті жанға – бір өлім емес, мың өлім» деген сөзді автор шығарманың эпиграфы ретінде алып, әрі қарай «198... жылы күзде аудан орталығынан шалғайда жатқан «Жеңіс» поселкесінің шетіне кештетіп шағын автобус тоқтады. Автобустан үстінде сұр плащ, басында сұр қалпақ, қолына таяқ ұстаған қарасұр егде кісі түсті» [3;2] - деп оқиғаның нақты қай жылы болғандығын жасырын көрсеткісі келіп баяндауды нарраторға жүктеген. Поселкенің атауы – Жеңіс. Кімнің жеңісі? Совет үкіметінің бе, әлде қаршадайынан кеңестік идеяның құрбаны болған бас кейіпкер, типтік бейне Батырдың жеңісі ме? Поселкенің «Жеңіс» болып аталуында да автордың айтар бір астарлы ойы бар. Ұлы Отан соғысының жеңісі барша халық үшін жеңіс болды ма, әлде ол жеңістің екінші бір жағы яғни жеңілісі болды ма? Бұл әрине жазушының баяншы, нарратор арқылы астарлап берген авторлық хабары (посыл) деп білеміз. Сонымен қатар бірден үзіндідегі автордың бас кейіпкерді суреттеудегі сөздік қолданысы назар аудартады. «Сұр плащ, сұр қалпақ, қарасұр егде кісі», түстің сан алуан палитрасы бар, алайда қазақ халқы сұр түсті бір суықтықтың, салқындықтың, сұрланған дүниенің нышаны ретінде таниды. Автордың бұл түспен суреттеуінде бас кейіпкердің ауылға жайдан-жай келмегендігін, оның арқалаған ауыр бір азабының бар екендігін сездіреді. Расында кейіпкердің ауыр азабы, өткен өмірінде өкініші мен реніші, жақсы естеліктері, шуақты күндерінен гөрі, қайғының қара бұлты сейілмеген қара түнек түндері көп болған бейне. Шын есімі – Батыр Шәйкенұлы, алайда Борис Иванов деген сахалық есімді еншілеген. Бір адам, екі өмір, екі бейне, бір медальдің екі жағы іспетті.

Нарратор баяндауы лирикалық шегініс жасап, кейіпкердің бұл ауылға не үшін келгендігін, неліктен Борис Иванов болғандығын, ауыр тағдырының азабын сюжет желісі бойынша жеткізеді. Хикаят тарихи шындыққа негізделіп жазылған. Шығармада аштық жылдары, қуғын-сүргін, репрессия азабы, Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі кезең бәрі де қамтылған. Батыр – зиялы қауымның ұрпағы. Кеңес үкіметінің салқын саясатын көріп,

советтік идеологияның құрбаны болған бейне. Халық жауының ұрпағы болғандықтан тыныш, қарапайым адамдар секілді өмір сүруге мұрша бермеген, совет үкіметінің қуыршағы болған трагедиялық бейнедегі кейіпкер. Оның ешқандай кінәсі болмады, бар кінәсі халық жауының баласы. Балалық шағынан қасіреттің азабын көріп, жетімдіктің, зұлымдықтың, аштық пен қатігездіктің зардабын шеккен типтік бейне.

Көркем мәтінді зерделеу барысында Батырдың басынан өткен оқиғаны баяндап отырған нарратордың да типтік бейнесі қалыптасқан деп айта аламыз. Себебі, шығарма сюжетінің әрбір эпизодында протагонист кейіпкерді жасап отырған автордың баяншы тұлғасының бейнесі парасатты, зұлымдықты сынаушы, арасында астарлы мысқалдаушы болып көрінеді. Мәселен, Батырды кішкентай қарындасынан айырып, орын жоқ деген сылтаумен Семейдегі балалар үйіне аттандырылуы туралы сюжетте: «Бұл сөздерді Батыр естіген жоқ. Армансыз жылап, сәл жеңілдеп, өзіне-өзі келген секілді» [3;7] - деп баяндайды. Алтыншы сынып оқитын бала барынан айырылып тұрғанда армансыз жылай ма?! Осы тіркестегі әжуа жас баланың жылауына ешкімнің кедергі болмай, көзінен жас емес қан ақса да жұбататын, жұбаңдыратын ешкімнің болмағандығы, әлемде жалғыз қалғандығын, зұлымдықтың жасқа қарамайтындығын, мейірімсіздіктің қандай болғандығын астарлы меңзейді.

Тегін ауыстыруға байланысты эпизодта: «Бұдан кейін Батырдың жағдайы тіпті ауырлап кетті. Директордың алдында ыңғайсыз жағдайға қалдырдың деп Ағыбай ренжіді. Өз кезегінде директор да біреудің алдында ыңғайсыз жағдайға қалған секілді. (Кім біледі, жаңағы «біреудің» өзі тағы біреудің алдында қиналған болар.)» [3;10] тағы да астарлы мысқыл бар. Қайталау арқылы берілген бұл мысқыл сөз автор мен нарртордың тұтастығын айқындап тұр. Семиотикалық тұрғыдан зерделесек, автор дәл осы үзіндіде сөйлемді жақша, тырнақшамен ерекшелеп ұсынған. Мәтіндегі әрбір таңбаның оқырманға жеткізер өзіндік белгісі бар. Біреу деген кім немесе автор біреудің астарында кімді меңзеп тұр? Сол кездегі осы бір зұлымдықты қолдан жасап, тұтас бір ұрпақтың, ұлттың жойылуын жоспарлаған саясаттың иесі ме? Әрине, бұл сөз оқырман қауымды бірден сан түрлі ойға жетелейді. Сол біреу немесе біреулер жасаған зұлымдықтың арғы жағында не бар? «Адам санасы, танымы күніне мыңдаған ақпарат алмасады. Сол ақпараттың негізгі бірлігі – сөз. Ол санада кодталады. Кодталған дүние адамға түрлі әсер сыйлайды. Адам өз ойында кодталып яки өз танымында таңбаланған дүниені өзінің ойлау қабілеті, алған эстетикалық әсері, түйсінген философиялық ойының ерекшелігіне орай сана көрінісінің негізінде бейнелейді. Жазушының құдіреті сол – сөз арқылы оқырманға эстетикалық әсер сыйлауға қауқарлы» [4;409]. Автор осы бір таңбаланған сөз арқылы оқырманға адамзат болмысының астарында зұлымдықтың жер бетінде көп нәрсені күйретіп, өзгертіп жіберетін алапат күштің иесі екендігін білдіреді. Жалпы Т.Әбдікұлының басқа да шығармаларында ізгілік пен зұлымдықтың күресі ерекше көрініс тапқан. Мәселен, «Парасат майданы» шығармасындағы кейіпкердің екіге жарылып әлемге соғыс пен зұлымдықты, аштықты, хаосты жасап жатқан адамзаттың өзі екендігін дәлелдеген тұстар көп. Кейіпкер баяны арқылы автор адамзат тарихындағы шындықты көркем жеткізген. Осы орайда автордың жазушылық мұраты айқын көрінеді. «Тұғыр мен ғұмыр» хикаятында да нарраторлық баяндаудан автордың жазушылық мұратының қайталанып көрініс тапқанына куә боламыз.

Шығарманың кульминациялық бөлігінде кейіпкердің туған жерге қайта алмай, қайтқан күнде де халық жауының ұрпағы деген қудалаудан құтылу үшін амал жоқ Борис Иванов болып трагедиялық күйде жүрген тұсына қатысты эпизодта: «Батыр тағы да өткен өмірін есіне алды. Осыдан 5 жыл бұрын неміс конвойларының қоршауында 200 шақырым жерге жаяу айдалса, енді соған ұқсас азапты сапар тағы да басталды. Тек мылтықтарын асынып, екі жақтап келе жатқандар – өзінің сүйікті отанының күзетшілері. Қаталдығы немістерден кем емес. Қашпақ болсаң, бұлар да атып тастайды. Бірақ қашатын жер жоқ. Айдалада үсіп өлгің келмесе, осы топтан қалмауың керек» [3;27] тағы да авторлық кекесінді көреміз. «Сүйікті отан» кейіпкердің сүйікті отаны болды ма? Тезірек соғысқа аттанып өліммен қауышып, мәнсіз өмір сүргенше еш болмаса соғыста өлгенді артық

көрген Батырды сүйікті отаны керісінше опасыздық жасады. Немістердің концлагерінде жақсы өмір сүріп еңбек етуге мүмкіндік береміз деген АҚШ әскерлерінің ұсыныстарына қанша қызықса да, қиындықтан әбден азап шегіп, махаббатың не екенін ұмытқан Батырдың жүрегін бірте-бірте жұмсартқан поляк қызы Аннаны да қиып сүйікті отанына барып шындықпен бетпе-бет келуді мақсат еткен кейіпкер тағдыры одан да ауыр үкіммен кезікті. Қайтадан тергеуге алынып тұтқын болды. Бұрын неміс жерінде болса, енді – өз елінде. Бұл үзіндіден де нарратор баяндауында бір ерекшелікті көріп тұрмыз, кейіпкердің ішкі толғанысын, жай-күйін, нәзік психологизмді көрсететін баяндау емес, әжуа мысқыл, кекесін араласқан баяндау. Яки, шығарманың өн бойында үш-ақ жерде көрініс тапқан бұл баяндау үлгісінде автордың баяншы, нарратор тұлғасымен қатар жазушының рухани болмысының да тұтасқанын көреміз. Мысқыл, кекесін арқылы, автор өзінің позициясымен қатар, өткен тарихи оқиғаға қатысты көзқарасын да ирониялап кестелей білген.

Структуралистік позицияларға жақын лингвистикалық бағыттағы нарратологтер үшін көркем мәтінде бекітілген баяндау инстанциялары аса маңызды болды. Оның ішіндегі ең басты баяндау инстанциясы – нарратор (әңгімеші, баяншы), көркем ақпаратты тілдік формада вербализациялаушы қызметке жауапты тұлға. Аталған баяндау деңгейінің қабылдаушысы наррататор, ең алғаш рет мұқият зерттеліп, теориялық негізі американдық нарратолог ғалым Дж.Принстің (Prince:1973a, Prince:1973b) еңбектерінде қаланған. Бұл жұптық инстанция (нарратор, наррататор) ішінара тағы да екіге жіктеле түсті. Егер нарратор «жеке грамматикалық формада» (аноноимді бірінші жақтан немесе кейіпкер әңгімеші тұлғасынан) баяндаса болжамды «фиктивті коммуникативті ситуация» деңгейі қалыптасады, яғни фиктивті, эксплицитті автор («мәтіндегі фигура») және фиктивті, эксплицитті оқырман. Соңғысы сонымен қатар баяндалған оқиғаның тыңдаушы кейіпкері ретінде де, «құрметті оқырман», «сіз бұған сенбеуіңіз мүмкін, бірақ...» және т. б. сияқты эксплициттік автордың мәтінге негізделген үндеулері ретінде де әрекет ете алады. Алайда бұл деңгей және тиісінше оның инстанциялары «тұлғасыз», «имплицитті» үшінші жақтағы баяндауда болмайды. Дж.Женетт (Genette:1966-1972) және М.Баль (Bal:1977) тағы бір коммуникативті деңгейді назарға алды. Визуалды перспективаны вербализациялауда орын алатын фокализация деңгейін және сәйкесінше осы сөзге енген визуалды ақпаратты жіберуші фокализаторды және оның алушысы имплицитті көрерменді анықтады. Егер «фиктивті коммуникация» деңгейін В.Шмид пен Х.Линк нарратор мен наррататор дискурсивті деңгейінде қарастырса (Link:1976, 25 б.), М.Баль фокализация деңгейін әңгімемен сәйкестендіреді және оның фокализаторын баяндаушы мен актор яғни, роман әлемінің акторы арасында орналастырады [5].

Баяндау инстанцияларының ең негізгісі – нарратор. Баяндау өнері пайда болған заманнан бері нарратордың екі түрі бар. Бірі көркем шығарманың ішінде автор кейіпкер ретінде қызмет етіп баяндаса, бірі сол автор жасаған көркем әлемге енбей тысқары тұрып баяндайды. Ақындық өнер мен ғылым жолын қатар ұстанған австралиялық ғалым П.Доусон нарратордың бірінші түрі, яғни автор әңгімеші тұлғасына қатысты тың зерттеулер жасаған. Ол автор әңгімеші мен «бәрін білуші нарратор» («Omniscient Narration») тұлғасында да айырмашылық болатынын көрсеткен. Бәрін білуші нарратордың басқа гетеродиагностикалық әңгімелеуден ерекшелендіретіні оның нақты оқиғаны әңгімелеу үдерісінде кейіпкердің перспективасына қатысты жанама пікір емес, ашық пікір яғни комментарий жасап отыруында деп түсіндіреді [6,93], яғни автор өзі кейіпкердің бірі бола тұра, болып жатқан оқиғаға, кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты пікір білдіріп, кейіпкердің ішкі сырынан да хабардар болуы, тек жалаң диалог түрінде емес, өзіндік монологі арқылы персонаждардың ішкі жан дүниесін оқырманға жайып салуы бәрін білуші автор («Omniscient Narration») тұлғасын айқындай түсетін қасиеттер. Бұл шығармада автор үшінші жақтан баяндаса да, «бәрін білуші нарратор» деңгейінде Батырдың ішкі күйзелісін астарлы сөздермен, кекесін әжуәмен де жеткізіп отырған. Демек, көркем мәтінде автор мен нарратор тұлғасының біртұтас фигураға айналып, өзіндік болмысын танытқанына куә боламыз.

Автор баяндауда композициялық амал ретінде – түс көруді өте сәтті пайдаланған. Сюжеттің байланысуында, шиеленісінде, шарықтау шегінде түс көру мотиві кездеседі. Біріншісінде – қу дала, сарғайып күту, автобус күту, екіншісінде – әкесін, үшіншісінде шешесін, төртіншісінде – өзен жағасында атасының сиырын бағып жүрген бала кезін көреді. Кейіпкердің кейінгі өмірі емес, тек бала кезі, қайғысыз, мұңсыз күндері кіреді. Шығарма мазмұнында бірінші түсті екі рет көргендігі баяндалады. Біріншісінде сарғайған даладағы күту, екіншісінде автобустың келуі. Елге қайтуды жоспарлап, өзі туралы шындықты айтып салуды көздеген кезінде қайта сол түсті көреді. Автобус – бұл арғы дүниеге алып баратын деталь іспетті. Себебі, кейіпкер әкесінен, анасынан, кішкентай қарындасынан айырылғаннан кейін бұл өмірден баз кешіп, мүлдем өзін жоғалтып алғандай сезінеді. Тезірек өзінің бұйрығы қашан келетінін күткендей болады. Алайда, тағдыр оны сан салалы жолмен жүріп екі адамның ғұмырын кешуді бұйырғандай. Туған жеріне келіп, хал үстінде жатқанда көрген түсі, сол бұрынғы күттірген автобустың келуі көркем деталь ретінде берілген. Жалпы тұтас шығарманы баяндауда нарратор сызықтық жүйемен емес, көп қырлы яки көп векторлы болғандығын көре аламыз. Өз кезегінде мұндай баяндау көркем мәтіннің көп қабатты құрылымын айқындай түседі. «Сюжеттің немесе оның фрагменттерінің ракурсын өзгерту арқылы баяндау сюжет құрылымының іштей тереңдеуіне ықпал етеді, сонымен қатар кейіпкерлердің психологиялық портретін күрделендіреді. Сондықтан әдеби шығарма әлемі көлемді, оқырман тарапынан көруге және енуге қызықты болады» [7;223]. Автор нарраторлық баяндауда сюжет желісінің ракурсын өзгерте отырып кейіпкер портретін күрделендірген, сонымен қатар көркем мәтіннің эстетикалық қабатын күшейте түскен.

«Автор баяндауын объективті деп атау үшін ол тек авторлық көзқарастан тұруы керек екен. Ал егер оған персонаждар пікірі қосылса, ол субъективтік бола бастайды. Осы арадан «автор образы» деген ұғым туады. Авторлық субъективті баяндау нәтижесінде прозалық туындыда үш түрлі мәнмәтін қалыптасады: 1) объективтік авторлық баян; 2) персонаждар баяны; 3) автор сөзі мен кейіпкер сөзі аралас баян» [8;111]-деп авторлық баяндаудың мәнмәтіндік қабатын саралаған ғалым Т.У. Есембековтың тұжырымын негізге алсақ, шығармада баяндау үш түрлі мәнмәтінде көрініс тапқан.

1) Объективтік авторлық баян:

«Сүтпісірім уақыт шамасында қонақ та өзіне-өзі келгендей болды. Дәрісі де көп екен, бірінен соң, бірін ішіп, бірауық үнсіз жатты» [3;4].

«Әкесі жоқшылықты көп көрген ғой, қонақ шақыру тоқшылықтың белгісіндей болып, соның қызығын көре бергісі келе ме екен, ол жағын бір құдай білсін» [3;5].

«Бір кезде дәурені жүріп, абыройы артқан, дастарханы дос-жаранға, жақсы мен жайсаңға күнде жайылып, думанды да қызықты күндері көп болған отбасының шаңырағы өстіп ортасына түсті» [3;7].

«Батыр өзін Семей түгілі шетелге асырып жіберсе де, ренжиін деп отырған жоқ-ты. Үйткені енді оған бәрібір еді» [3;8].

«Ең бастысы, сол үшін бұларды мүсіркеп, осыларға обал болар-ау деп жатқан ешкім жоқ, қайта соның бәрі әлі де аздау болып тұрғандай көрінетін секілді» [3;8].

«Адам баласын бақытты қылмау үшін көз жазбай қадағалап отыратын бір қатыгез күш бар секілді. Онымен тіресу де, күресу де мүмкін емес. Алайда, ең соңғы тиынына дейін тоналған адамның бір ғана артықшылығы бар, ол – тонаушының бұдан әрі оған ештеңе істей алмайтыны, үйткені оның енді тонайтын да ештеңесі жоқ. Батыр өз бойынан бірдеңені сезетін секілді. Енді маған не істейсің деп, көзге көрінбейтін біреуге кіжінгісі келеді. Бірақ онысы қарсылық білдірген қайраттан гөрі, шарасыздықтан туған әншейін ашыну секілді» [3;18].

«Қазақ жерінің бір қиыр шетіндегі шағын поселкеде жеті түнде шамы сөнбеген жалғыз үйдің ішінде Сәлімгерей ақсақалға әңгіме айтып отырған жолаушының өмір тарихы осы еді» [3;21].

2) Персонаждар баяны:

« – Жер бетінен тұтас мемлекеттер құрып кетіп жатқанда, қырық жыл бұрынғы жеркепені іздегеніме жол болсын...» [3;2].

«Апырмау, мынау не деген нәзік қыз! Мынандай қатал өмірде осынша қорғансыз нәзіктік қалай сақталып жүр?» [3;23].

«– Мен де өзгелер секілді сәби болып жарық дүниеге келдім, – деді сосын даусы қарлығып. – Жақсылыққа сендім. Сол сеніммен, сол көңілмен өмір сүрсем дедім. Алайда маған мүмкіндік бермеді. Оттан – отқа, боқтан боққа салды. Оған қарсыласарға менде дәрмен болған жоқ. Қолымнан келгені – өз тағдырымды жек көрдім. Менің өзіммен бірге алып кететін жалғыз байлығым – осы жек көру сезімім ғана. Ол – менің зұлымдықты іштей қолдамайтынымның жалғыз белгісі. Өзімді қорғайын деп отырғам жоқ. Мен өз үкімімді баяғыда алған адаммын. Бірақ, қуғын-сүргіннің бар азабын бастан кешіп, одан кейін өтірік пен қиянатқа құрылған мына қатыгез қоғамға қайтып келіп, баяғыша жалған атақ, жалған даңқпен өмір сүріп жүрген зиялы құлдардың менен несі артық деп те ойлаймын кей-кейде. Ендеше мен де солар секілді осы елдің бір бөлшегімін, Сәке.» [3;30].

3) Автор сөзі мен кейіпкер сөзі аралас баян:

«– Әттеген-ай, ағылшын болып тұмағанымды-ай!» – деген сөзіне қалғандары ду күлді. Бірақ көңілдерінде соған ұқсас бір сезімнің тұрғаны да рас еді» [3;23].

«– Тамаша! – Батыр шын қуанды. Біздер совет тұтқындарымыз ғой. Соғысты, лагерьді, аштықты – бәрін де бастан кештік. (Анна аяушылық білдіргендей бұған таңырқай қарап, басын шайқады.) Сіздердей арулардың жүзіне қарап, әншейін әзілмен әңгіме айтуды ұмытқалы қашан... Дүниеде бейбіт өмірден қымбат ештеңе жоқ екен. Мейлі сол бейбіт өмірде бақытты болмай-ақ қой, бірақ бәрібір оған ештеңе жетпейді.» [3;23].

Шығармада авторлық баяндау күрделі құрылымға негізделгендігін, персонаж баянын беруде нарратордың кейіпкер психологиясын, ішкі тебіренісі мен толғанысын суреттеп отыратын сұңғыла әңгімешінің де барын көруге болады. Сонымен қатар, объективтік авторлық баяндауда әжуа, астарлы кекесін бар. Бұл – автор мен нарратордың тұтасып берілген категориялық бірлігі.

Автор бұрын сонды көп қозғалмаған өзекті тақырыптардың бірін көтерген. Батыр – елге танымал, ғалым, әрі лауазымды қызметкер кейін, «халық жауы» болып қудаланған Шәйкен деген зиялы кісінің артынан қалған жалғыз ұлы. Жазушы шығарманың идеясы ретінде осы тарихи шындықты негізге алған. Батыр – типтік бейне, себебі бір кейіпкер арқылы автор сол кезеңдегі барлық «халық жауының» ұрпақтарының кейінгі тағдырының қандай болғандығын көрсеткен. «Кеңес Одағының батыры» атағын алған көзсіз қайсарлығымен, мергендігімен танылған Ә.Молдағұлованың да әкесі НКВД-нің тергеуінде болып қудаланғаны мәлім. Тарихта мұндай аргументтерді біршама кездестіруге болады. Бас кейіпкер де «халық жауының ұрпағы» деген жалған жаладан айырылып, соғысқа барып батырлықпен көз жұмуды ойлаған бейне. Автор бұл бейне арқылы тұтас бір ұрпақтың ақтаңдақ жылдары қалай өмір сүріп, өз басын аман алып қалу үшін қандай қауіп-қатерге барғандығын көрсетуді көздеген.

Қаламгер ТҰҒЫРҒА орналасқан жас жауынгер бейненің ашылмаған, ешкім білмейтін екінші ҒҰМЫРЫНЫҢ шындығын көркем суреттеген. «Адам бойындағы түрлі қасиеттер – адамгершілік, ізгілік, борыш сияқты сезімдер мен зұлымдық, азғындық сияқты алапат күштердің бітіспес майданы – Т.Әбікұлы шығармашылығының негізгі тірегіне айналған» [9;119]. Әсіресе Батыр бейнесін ашуда оның қос тұлғаға айналғандығын да көркем жеткізе білген. Кіршіксіз жас баладан, қылмыстық топтың басшысы болып, сол кездегі құйтырқы саясаттың құрбанына айналып, ішіндегі зұлымдығы оянып басқа біреу болып шықты. «Батыр өз бойында әлде бір өзгерістің болғанын сезетін. Қатыгездік, батылдык, айлакерлік, ең қиын сәттерде үрейді жеңе алатын ұстамдылық – осының бәрі қылмыс әлемінен тапқан олжасы. Бастан кешкен қанды оқиғалар тұсында аман қалуына себепші болған құтқарушысы да – осы қасиеттер екенін білетін» [3;28]. Жазушы Т.Әбдікұлының басқа

да шығармаларында бір кейіпкердің екі тұлғаға айналуына тән тақырыпты қаузайттын стильдік үрдісі бар. Бұл хикаятта да бас кейіпкердің бойындағы өзгерісті автор сыртқы факторлардың әсерінен туындағандығын астарлап жеткізіп кейіпкер бойындағы екі «менді» көрсете білген.

Қорытынды

«Өнердің биік өлшемімен таразылайтын болсақ, жазушы Әбдікұлы керемет суреткер ғана емес, адам жанының шыңырауына тығылған зұлымдықтың талай құпиясын білетін терең ойшы, һәм рухтанушы да» [10;194]. Автор бас кейіпкерді даралап, жүрек түбіндегі сезімдері мен жан дүниесіндегі болып жатқан өзгерістерді терең суреттей білді. Нарратордың баяндау үрдісінде авторлық хабар (посыл), жазушы мен нарратор тұтастығының категориялық бірлікте жұмсалатындығын көрдік. Автор шығармадан қанша алыстатылса да, көркем мәтіннен ажырап қала алмайды. Себебі өнер иесі сол туындымен бірге жасап, соның бір бөлшегі болып қала береді. Көркем мәтіннің қабатынан автор жасаған образ, деталь, көркем әлем, автор көтерген мәселе, идея, позицияны саралау арқылы жазушы болмысын да тани алатынымыз анық. Ол үшін көркем мәтіннің әрбір қабатына ерекше мән беріп, автор айтпақ болған негізгі ойды саралап, нарратор мен автор болмысының ара жігіне жіті мән бергеніміз жөн.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Әдебиеттер тізімі

1. Әдебиет теориясы: Антология. 2-том /Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен.– Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019.–372 б.
2. Әдебиет теориясы: Антология. 1-том /Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019.–568 б.
3. Жалын журналы. Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал. №2, 2011
4. Ержанова С., Жутаева А., Қазіргі қазақ прозасындағы аполиттік көзқарас пен эстетикалық әсер // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология сериясы.-2020.- №2(72) - Б.405-411. DOI: <https://10.51889/2020-2.1728-7804.65>
5. Ильин И.П. Постмодернизм. Словарь терминов. – М.: ИНИОН РАН (отдел литературоведения) – INTRADA 2001. <https://postmodernism.academic.ru/>
6. Dawson P. "Real Authors and Real Readers: Omniscient Narration and a Discursive Approach to the Narrative Communication Model" *Journal of Narrative Theory*, Vol.42, No. 1 (Winter 2012), pp. 91-116 (26 p.) <https://www.jstor.org/stable/24484784>
7. Kushirova T., Pavelieva A., Kobzar O., Kapustian I. The Type of "Multiple" Narrator and Its Embodiment in Large Postmodern Genre Forms. Based on the Novel "Olive Kitteridge" by E. Strout // *Postmodern Openings*.-2021.- №12 (4).- P.210-225, DOI: <https://doi.org/10.18662/po/12.4/370> ISSN: 2068-0236
8. Есембеков Т.У. Көркем мәтін теориясы мен поэтикасы: оқу құралы /Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 278 б.
9. Зинулина А.Ф. Төлен Әбдіков шығармашылығындағы психологизм: Ғылыми журнал/ филологиялық серия ПМУ хабаршысы №3.2014 118-125 б.б.
10. Кеңшілікұлы А. Парасат майданы /Жұлдыз журналы. №11/2012 184-200 б.б.

С.Ш. Айтуганова, А.М. Жорашова*

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан*

**Единство автора и нарратора в повести Толена Абдыкулы
«Пьедестал и жизнь»**

Аннотация. В статье рассказано о целостности автора и нарратора в рассказе одного из писателей-классиков современной казахской прозы Т.Абдыкулы «Пьедестал и жизнь». В современном литературоведении наблюдается тенденция рассматривать автора и рассказчика отдельно друг от друга. Известно, что его основа лежит в выводах ученых-постструктуралистов. Однако, сколько бы произведений искусства мы ни выделяли из своего произведения, в творческом процессе автор бессознательно формирует в сознании читателя свою сущность, образ. Теория автора, возникшая в начале XX века, имеет большое значение в литературоведении. Существует актуальность проведения исследования целостности автора и рассказчика в современной казахской прозе. Поэтому основной целью данной проблемы является изучение парадигматических рамок теории автора, изучение через нарратологическую призму выдающихся, классических произведений казахской прозы после лет независимости. В исследовательской работе мы опирались на научные выводы Р. Барта, М. Фуко, В. Шмида, П. Дюсона, учёных-критиков относительно теории автора и научный вывод отечественного учёного Т. У. Есембекова, связанный с авторской повествованием. При изучении художественного текста особое значение придавали авторскому сообщению (посыл) в индивидуализации образа героя, определяя стиль писателя, проводя семиотический анализ произведения. Очевидно, что автор выражает свое существование, независимо от того, насколько он далек от произведения и возлагает на нарратора большую ответственность.

Ключевые слова: нарратология, образ автора, нарратор, способ повествования, повествователь, авторский посыл.

S.Sh. Aituganova, A.M. Zhorashova*

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**Unity of the author and the narrator in Tolen Abdikuly's story
«Statue and life»**

Abstract. The article talks about the integrity of the author and the narrator in the story «Statue and life» by T. Abdikuly, one of the classic writers of modern Kazakh prose. In modern literary studies, there is a tendency to consider the author and the narrator separately from each other. And it is obvious that its foundation lies in the conclusions of post-structuralist scientists. However, no matter how much we separate the artist from his work, it is clear that in the creative process, the author unconsciously forms his identity and image in the mind of the reader. The theory of the author, which arose at the beginning of the 20th century, is of great importance in the science of literary studies. There is a relevance of conducting a study of the integrity of the author and narrator in modern Kazakh prose. That is why, with this problem as the main goal, we studied the famous and classic works of Kazakh prose after the years of independence from a narratological prism, and aimed to study the paradigm framework of the author's theory. In our research work we relied on the scientific conclusions of R. Barthes, M. Foucault, W. Schmid, P. Dawson, critical scientists regarding the author's theory and the scientific conclusion of the Russian scientist T. U. Esembekov, related to the author's narrative. During the study of the artistic text, we determined the writer's style by performing a semiotic analysis of the work and paid special attention to the author's message in personalizing the character. It is clear that the author expresses his presence, no matter how much the author keeps himself away from the work and imposes great responsibility on the narrator.

Keywords: narratology, image of the author, narrator, method of narration, author's message

References

1. Adebiet teorijasy: Antologija. 2-tom /Dzhuli Rivkin men Majkl Rajannyn redakcijasymen. – Almaty: «Ultyk audarma bjurosy» kogamdyk kory, 2019. – 372 b.[in Kazakh]
2. Adebiet teorijasy: Antologija. 1-tom /Dzhuli Rivkin men Majkl Rajannyn redakcijasymen. – Almaty: «Ultyk audarma bjurosy» kogamdyk kory, 2019. – 568 b. [in Kazakh]
3. Zhalyн zhurnaly. Respublikalyk adebi-korkem zhane aleumettik zhurnal. №2, 2011 [in Kazakh]
4. Erzhanova S., Zhutaeva A., Kazirgi kazak prozasyndagy apolititik kozkaras pen jestetikalyk aser//Abaj atyndagy KazUPU habarshysy. Filologija serijasy. -2020. - №2(72) - B.405-411. DOI: <http://ps://10.51889/2020-2.1728-7804.65> .[in Kazakh]
5. Il'in I.P. Postmodernizm. Slovar' terminov.–M.:INION RAN (otdel literaturovedeniya) - INTRADA. 2001.<https://postmodernism.academic.ru/> [in Russian]
6. Dawson P. "Real Authors and Real Readers: Omniscient Narration and a Discursive Approach to the Narrative Communication Model" *Journal of Narrative Theory*, Vol. 42, No1 (Winter 2012), pp. 91-116 (26 p.) <https://www.jstor.org/stable/24484784> [in English]
7. Kushirova T., Pavelieva A., Kobzar O., Kapustian I. The Type of “Multiple” Narrator and Its Embodiment in Large Postmodern Genre Forms. Based on the Novel “Olive Kitteridge” by E.Strout // *Postmodern Openings*.-2021.- №12 (4).- P. 210-225, DOI: <https://doi.org/10.18662/po/12.4/370> ISSN: 2068-0236 [in English]
8. Esembekov T.U. Korkem matin teorijasy men pojetikasy: oku kuraly/ Almaty: Kazak universiteti, 2023. – 278 b. [in Kazakh]
9. Zinulina A.F. Tolen Abdikov shygarmashylygyndagy psihologizm: Gylymi zhurnal/filologijalyk serija PMU habarshysy №3.2014 118-125 b.b. [in Kazakh]
10. Kenshulikuly A. Parasat majdany /Zhuldyz zhurnaly. №11/2012 184-200 b.b. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Айтуганова С.Ш. – ф.ғ.к., қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Жорашова А.М. – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Айтуганова С.Ш. – к.ф.н., профессор кафедры казахской литературы, Евразийский национальный университет им. Л. Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Жорашова А.М. – PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Aituganova S. Sh. – Candidate of Philology, Professor of the Department of Kazakh Literature, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Zhorashova A.M. – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).